

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

ШЫҒЫСТАНУШЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕГІ ҚИЫНДЫҚТАРЫ**Мырзаханова Алия Қайратқызы**satzhanova2005@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті,

Шығыстану кафедрасы, 1 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Бейсембаева С. Т.

Ағылшын тілін үйрену қазіргі күнде өте өзекті әрі мүмкіншіліктерге толы екені барлық адамзатқа аян. Барлық шет тілдердің арасында ағылшын тілін үйрену байырғы заманнан ақ алғашқы орынды иеленіп, өзінің артықшылықтарын паш еткен. Бұл әлемдік тілдің әр ұлттың игеруі оның жан-жақты екенінің айқын дәлелі. Ағылшын тілін игерген әрбір студенттің болашағы жарқын екеніне еш күмән жоқ. Қай мамандықты игерсе де, тілдерді үйрену, оның ішінде ағылшын тілін игеру нарықта сіздің басқа адамдардан қандай да бір саты жоғары тұратыныызға кепіл болады. Қай саланы алсақ та, ағылшын тілі өзінің өзектілігін жоғалпай, қолданудағы жұмысын атқарады. Оның ішінде: бизнес, туризм, ғылым, білім беру жүйесі, кинематография сияқты көптеген салаларда өзінің жұмысын атқарып, жасалған процессті жандандандырады. Бұл ағылшын тілін игерген студент әрбір салада қажет екенін айқын көрсетеді. Сөйтіп, студенттер ағылшын тілін білу арқылы өзінің болашағына алтын көпір салып, жарқын болашаққа бір қадам жақындайды десем қате болмас. Әрбір мүмкіншілігі мол істің артында өз қиыншылығы бар демекші, ағылшын тілін үйренуде де студенттер қателіктерге мойынсұнып, кедергілерге тап болып жатады. Бұл проблеманың өзектігі сан жылдар бойы зерттеліп келеді. Содан шыққан қорытынды - студенттің өзіне деген сенімсіздігі мен мотивациясының болмауы ағылшын тілін үйренудегі ең басты кедергі деп анықталады.

Барлық студенттер сияқты, шығыстанушы студенттер де бұл жағдайға тап болып, ағылшын тілін үйренуде көптеген қиыншылықтарға тіреледі. Жүргізілген сауалнамаға сәйкес, шығыстанушы студенттердің ағылшын тілін оқудағы қиыншылығы- екі шет тілін қатар алып жүре алмауы. Оған дәлел, шығыстану мамандығында студенттер өзі тандаған тілге аса көңіл бөліп, ағылшын тілін екінші орынға қоюы болып табылады. Яғни, әр студенттің өзі тандаған тілі: қытай, жапон, корей, араб, парсы тілдерін меңгеруі. Дегенмен, бұл студенттің дамуға ұмтылмай, өзін-өзі іштей алдау деп білемін. Жоғарыда айтып кеткендей, студент өзіне сенімсіз болып, қиыншылықтарға төтеп бере алмай, сенімсіздік білдіруі. Студент тек өзінің күшіне ғана емес, тілдік сенімсіздікті білдіруі де басты мәселе. Бұл шет тілін үйренетін әрбір студенттің басынан өтетін бастапқыда ғана болатын барьер іспеттес. Осы сияқты кедергілер тек жаңадан бастаушыларда ғана емес, сонымен қатар сенімді білімі бар студенттердің де басынан өтіп жатады. Дәлірек айта кетсек, ағылшын тіліндегі сенімсіздіктің көптеген психологиялық себептері бар. Олардың ішінде: қателіктерден қорқу, айтылым жағынан ұялу, баяу сөйлеуден қорқу, басқа студенттердің көзқарасына төтеп бере алмау, сөздерді түсінбеу, сөздік қордың жетіспеушілігі, грамматиканы нашар білу, практиканың болмауы, және ең бастысы- тілге деген махаббаттың болмауы. Сонымен қатар, ағылшын тіліндегі кейбір сөздердің әр түрлі мағына беруі, әр түрлі дыбысталуы мен жазылуы, ағылшын тілінде ашық сөйлесе алмауы, жаңа сленгтарды түсінбеуі, ресми және бейресми ағылшын тілінің болуы студенттерді

адастырып, қыңжылтады. Дәлірек тоқтала кетсек, сөздердің жазылуы мен айтылуы әртүрлі ауызекі ағылшын тілінде дыбыстар жазбаша ағылшын тілінен мүлде өзгеше. Бұл оқушыларға қиындық тудыруы мүмкін. Бұл мәселені шешудің жалғыз нақты жолы - тілде мүмкіндігінше сөйлеу және транскрипцияны қолдану арқылы оқу. Тез сөйлейтін ағылшын тілін түсіну қиын болуы-тіпті тіл курсына жақсы оқитын студенттердің өзі шетелдіктермен сөйлескенде абдырап қалады. Бұл мәселені шешудің ең жақсы жолы - қарым-қатынас жасау. Ағылшын тілінің мамандарымен мүмкіндігінше жиі сөйлесіп, аудио кітаптарды тыңдау, фильмдер мен телешоуларды дубляжсыз немесе субтитрсіз көру және т.б. Бұл бірте-бірте түсінуді жақсартады және сөйлеу тілін түсінуді жеңілдететін жаттығу болып табылады. Келесіде, ағылшын тілін үйренуде басқа адамдармен сөйлесіп, пікір алмасу да өте маңызды рөл атрады. Тыңдап, түсіну және ағылшын тілінде сөйлеу - бұл ағылшын тілінде сөйлейтін елде күнделікті өмірде оқу мен жазудан гөрі көбірек қолданылатын дағдылар. Студенттер үшін оқу мен жазудан қарағанда тыңдау мен сөйлеу қиынырақ және маңыздырақ. Мәтінді оқу және жазу кезінде студент күнделікті өмірде ағылшын тілін тыңдап, сөйлегеннен гөрі ойлауға және кідіруге көбірек уақыт алады. Мәтіндерді оқу және жазу кезінде студент сөздіктерден белгісіз лексиканы іздеуге уақыт алады, бұл шетел тілін тыңдау және сөйлеу кезінде мүмкін емес. Сондықтан ағылшын тілін тыңдау және сөйлеу оқу мен жазудан қиынырақ болып саналады. Ағылшын тілінде қатесіз сөйлеуге, сөздерді түсінуге, өз ойын ашық білдіре алудағы ең бастысы- сөздік қордың байлығы. Сол себептен, сөздік қор – ағылшын тілін үйренудің ең толық және күрделі аспектілерінің бірі. Студенттер ең алдымен нақты өмірдегі практикалық қажеттіліктері үшін ең жиі қолданылатын лексиканы үйренуге назар аударуы керек және содан кейін ғана сөздік қорына аса көңіл бөлуі қажет. Студенттердің көбі кездестіретін тағы да бір маңызды мәселе - сөздердің көп мағыналылығы мәселесі. Көп мағыналы сөздер мен синонимдер студенттерге ерекше қиындық туғызады. Сөздік қорды меңгеру мен қолданудағы басқа қиындықтарға жиынтық тіркестер, фразалық етістіктер, идиомалар, мақал-мәтелдер және сөздік қолданудағы аймақтық айырмашылықтар жатады. Ағылшын тілінде сөйлейтін елдерде ағылшын тілін қолдануда есту, айтылу, сөздік және грамматика жағынан айырмашылықтар бар.

Ағылшын тілінің синонимдік сөздіктері жалпы сөздіктермен үйлесімде студенттің нақты өмірлік жағдаяттардағы қажеттіліктері үшін сөздік қорын қарқынды, жан-жақты және логикалық меңгерудің тамаша құралы болып табылады. Ағылшын тілін үйренушілердің сөздік қорын кеңейтудің тағы бір тиімді әдісі әр түрлі тақырыптар бойынша кең көлемде мәтіндер оқу болып табылады. Алайда, грамматиканы, оқылымды, тындалымды жақсы деңгейге жеткізген студенттер де қиыншылықтарға тап болып жатады. Ол - сленг және ауызекі сөйлемдер болып табылады. Олардың бір кемшілігі тілдегі оқуды қиындатады. Дегенмен, бұл сленг, ауызекі сөздер және күнделікті тілдің басқа түрлері шет тілін үйренуші үшін түсініксіз болуы мүмкін. Бүгінде сондай ақ ағылшын тілінде сленгті қолдану жиі кездеседі. Сөздер, терминдер және сөз тіркестері әдетте сөздік анықтамасында болатын мағынаға ие емес. Тіл үйрену сленгті пайдалануды үйренуді талап етеді, бұл әртүрлі сленг терминдерінің ағылшын тілін үйренуге мүлдем басқа тілге айналдыратынын түсінуді білдіреді. Кейде қолданылған терминдер сөздікте де кездеспейді. Бұл тілді білмейтіндер үшін қиындықтар туғызуы мүмкін. Бұл жерде теледидар, фильмдер, журналдар мен радио тілдерді үйренудің пайдалы құралына айналады. Бұл мәселені шешудің бір жолы - заманауи прозалық кітаптарды, журналдарды, газеттерді оқу. Біраз уақыттан кейін сіз сөз тіркестеріне, жаргондарға үйрене бастайсыз және мұны күнделікті

сөйлеуде түсіне аласыз. Жоғарыда айтылғандай, тілдің қолданылуы ресми және бейресми болуы мүмкін. Ресми ағылшын тілі – БАҚ, білім, бизнес, экономика, коммерция, технология, ғылым және т.б. Бейресми ағылшын тілі ауызекі және сленгті қолдануды қамтиды. Шетелдік студенттерге ресми тілге қарағанда ағылшын тілінің бейресми лексикасын меңгеру қиынырақ болып келеді. Және ағылшын тілін меңгерудегі ең маңыздысы - дұрыс таңдалған оқу құралдары мен теориялар. Бүгінде, көптеген оқушылар тек кітаптан білім алуға үйретіледі, сондықтан олардың ауызекі сөйлеу тілін жаттықтыруға мүмкіндіктері болмайды. Олар көпшілік алдында сөйлеуге тырысқанда өздеріне сенімсіздік танытады. Оны алдын алу үшін дауыстап оқу дағдыларын дамыту қажет. Өйткені, дауыстап оқу арқылы олардың тілдік дағдылары жақсарып, тілді тезірек меңгеруге көмектеседі. Міне осы қиындықтардың барлығы, студенттерді адастырып, жолынан тайдыруы әбден мүмкін.

Жоғарыда айтылған мәселелердің, ағылшын тілін үйренудегі қиыншылықтардың шешу жолдарына тоқталсам, ең біріншіден, ағылшын тілін қиын деп санауды тоқтату қажет. Ең бастысы өзіңізге, өзіңіздің күш жігеріңізге ерік беріңіз. Қиыншылықтар тек қана біздің басымызда ғана демекші, әр затқа қарапайым көзқараста болып, тілдің әр саласына аса маңызды көңіл болу керек. Келесіде, қателік жасаудан қорықпау қажет. “Тәжірибе де қателіктен жаралған,^[1] Дана^[2]лар да кері ағыстан нәр алған”, - демекші қандай да бір жетістікке жету жолында әрбір адам бір де болса қателік жіберу қажет. Қателік болмаса-нәтиже де болмайтыны айдан анық. Сол себептен, қателіктеріңізден ұялмай, тек қана оларды түзеуге ұмтылыңыз. Екіншіден, ағылшын тілін жетік меңгерген, жетістікке жеткен ойшылдар, ғұламалар ұстаздар да бастамасын сіз сияқты бастағанын ұмытпаңыз. Тырысу, оқу, зерттеу, тәжірибие жүргізу арқылы ғана өзіңіздің еңбегіңіздің жемісін көре аласыз. Өз күшіңмен жеткен жетістіктің асар белесі өте көп. Ағылшын тілін оқуда қиыншылықтар болып тұрса, өзіңіздің ұстазыңыздан шәкірт ретінде көмек сұраңыз. Әрбір ұстаз шәкіртінің өзінен асып түскенін қалайды. Сол сияқты, өзіңіздің қабілеттігіңізге күмән тудырмай, әрқашан алға жылжуға ұмтылыңыз. Оқу материалдарыңызды санаттарға бөліп, оқытушылармен тексерілген кітап, сөздіктерді пайдаланыңыз. Оқулықтарды толық түсінбесеңіз де оқу, сөйлесу үшін бар күшіңізді салу және тілді қолдануға тура келетін жағдайларға талпынуыңыз қажет. Әр адам жетістікке тек ерен еңбекпен, маңдай термен жетеді. Сондықтан сіздің ағылшын тіліңіздің деңгейі жоғары болмаса, тек алға жылжып әрқашан даму үстінде болыңыз. Таңдалған тіліңізбен ағылшын тілін қатар алып жүруге тырысыңыз, екі тілді салыстыру арқылы оқыған әлдеқайда оңайырақ келеді. Екі тілдің грамматикасын, ұқсас сөздерін, айтылуын, жазылуын салыстыра отырып оқып, екі тілді де жетік меңгеріп шығатыңызға еш күман жоқ. Ең бастысы, бұл кішкентай кедергілерсіз ешқандай нәтиже болмайтынын есте ұстаған жөн. Сондықтан, мұндай жағдайларға тап болған кезде, бас тартпай, оларды шешуге талпынып, алға ұмтылыңыз : арнайы мақалаларды оқып, осы білімді тәжірибеде қолданыңыз. Осымен тоқтап қалмаңыз және қиындықтарды жеңіңіз. Өзін-өзі жеңу сезімі, ең алдымен, ең жақсы мотивация. Сондықтан да, өзіңіздің күшіңізге сеніп, алға ұмтылыңыз, сол кезде еңбегіңіздің наны тәтті болады.

Қорытындылай келе, жаңа тіл үйренуге ақылдың, төзімділіктің, күш жігердің қажет екені сөзсіз. Нәтижесінде, ағылшын тілін меңгеру арқылы сіз көптеген белестерге жетесіз. Мысалға, әр түрлі елдерге саяхаттап, елдердің тарихын, мәдениетін, тұрмыс- тіршілігімен таныс боласыз, шет ел азаматтарымен ақпарат алмасып, жаңа достар табасыз. Сонымен қоса, шет елге көшіп, жұмыс істеу мүмкіндігін ала аласыз. Тіл білу арқылы сіздің алдыңыздан қосымша табыс алудың жаңа мүмкіндіктерінің есіктері ашылады. Тіпті,

ағылшын тілін жетік меңгерген болсаңыз, әлемнің керемет университеттерінде, мысалы, АҚШ-та немесе Ұлыбританияда оқу мүмкіндігі бар. Ағылшын тілі қолданыстағы әрбір елде сіз сұраныста боласыз. Себебі, әлемнің әр түкпірінде сіз ағылшын тілін меңгеру арқылы, ары қарай біліміңізді шыңдап, Harvard University, University of Oxford, University of Cambridge сияқты әйгілі жоғарғы оқу орындарында білім алуыңызға мүмкіндік бар. Тілді оқудағы қиыншылықтар тек қана жарқын болашаққа апарар баспалдақ деп білген абзал. Ағылшын тілін үйрену барысында еңсерілмейтін болып көрінетін қиындықтар туындаса, бас тартпау керек. Мақалада аталып өткен әдіс-тәсілдер болашақта шығыстану мамандығындығында білім алушы студенттердің ағылшын тілінің дұрыс негізін қалауға септігін тигізеді деген ойдамын. Өз мамандықтарымен қоса, ағылшын тілін бірге меңгеріп, биік белестерді бағындыратынына сенемін.

UDC 81-22

PROSPECTS FOR ENGLISH LANGUAGE EXPANSION AND DEVELOPMENT IN KAZAKHSTAN

Nicu Florin-Madalin

madalin.f.nicu@gmail.com

Student, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Research supervisor – Saliyeva D.O.

Introduction. The English language is considered to be nowadays the “global language” which provides, through its use, the role of integration in the global economy and it is yet to be seen as the main language of use when it comes to establishing multi-lateral cooperation and diplomatic interactions at an international level which involves different regions of the international system. These constructive interactions between various regions and members of the international system build momentum and room for expanding mutual interests and opportunities which can be summed up under the concept of “harmony of interests”. It is relevant to mention that these conditions can only be provided by being a member of the complex web of interconnectedness that affects, in a way or another, everyone involved in the Age of Globalization. Because of its wide and complex history of evolution, the English language is enjoying nowadays of what is called the “snowball effect” [1] which suggests that is more unfavorable and less efficient to avoid adopting and using this language when it comes to interacting and establishing cooperative interactions on the long term. However, for a great amount of time there was a competitor for the English language in the international system throughout the Northern Eurasia which seemed to have put a hold on the spread of the English language. The USSR attempted to make out of the Russian language a language of international circulation, by spreading it first through the entire sphere of occupation and influence of the Soviet Union, through different language policies which made the Russian an unifying language between the nations of USSR by the use of which was aimed to combat illiteracy and support the development of the other languages of different ethnic minorities and nations of the USSR, so that Russian language could eventually be invested with the ideological value of being the “language of interethnic communication” while remaining to be considered equal among other languages of the organization [2].